

"Алматы облысының 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған экологиялық бағдарламасы" және табиғат қорғау шаралары мен ғылыми зерттеу жұмыстарының 2003 жылға арналған жоспары туралы

Күшін жойған

Алматы облыстық мәслихатының 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 31-161 шешімі. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 12 ақпанда N 1011 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2011 жылғы 14 қаңтардағы N 41-234 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2011.01.14 N 41-234 Шешімімен

Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңындағы 10-бабына сәйкес Алматы облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Алматы облысының 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған экологиялық бағдарламасы" N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Табиғат қорғау шаралары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының 2003 жылға арналған жоспары N 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Жоғарыда аталған бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында аудандар мен қалалардың әкімдеріне, облыстық басқарма, комитет, департаменттердің басшыларына өз жұмыстарында әрбір ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар бойынша табиғат қорғау ахуалын терең зерделеу осы бағыттағы жұмыстардың нақты шараларын жүзеге асыру, басшылар мен селолық округ әкімдерінің оларды сөзсіз орындауға деген жауапкершілігін арттыру ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (А.Зияданов), облыс Әкімінің орынбасары (А.Тойбаев) жүктелсін.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т
сессиясының Төрағасы

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т
Хатшысы

Алматы	облыстық	мәслихатының
2002	жылғы	26 желтоқсандағы
N	31 - 161	шешіміне
N 1 қосымша		

Алматы облысының 2010 жылғы кезеңіне дейінгі экологиялық бағдарламасы

Алматы - 2001

КІРІСПЕ

Алматы облысы ол экономиканы жоғары деңгейде дамытуға әлеуетті ықпал ететін табиғи ресурстары бай аймақ. Алайда, тарихи қалыптасқан жалпы республикадағы сияқты, алматы облысында да табиғат пайдаланудың ресурстық - шикізаттық және бірдақылдық жүйесі, шаруашылық жүргізудің ұлттық дәстүрлерін, табиғи жағдайларын ескермей жүзеге асыру көптеген экологиялық проблемалардың туындауына әкеліп соқтырды.

Нарықтық экономикаға көшу кезеңін бастарынан өткерген елдердің тәжірибесі және аймақтың әлеуметтік - экономикалық және экологиялық жағдайын талдау, облыста осы міндеттерді шешудің мүмкіндіктері бар екендіктерін көрсетіп берді:

- құқықтық-нормативтік базаны жетілдіру процесі жүріп жатыр;
 - жергілікті өзін-өзі басқару рөлі күшеюде;
- табиғат қорғау қызметін экономикалық ынталандырудың және ресурстарды сақтау резервтерінің болашағы бар;
- жаңа технологиялар үшін жағдайлар жасалуда;
 - экологиялық білім процесі жетілдірілуде.

Осыларды және басқа да табиғат қорғау қызметін ынталандырудың алғышарттары аймақты теңдестірілген түрде тұрақты дамытуға мүмкіндік беріп, халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасындағы табиғат қорғау жұмыстарын ұйымдастыру практикасы, сондай-ақ басқа елдердің тәжірибесі көрсеткендей, республика аймақтарында халықтың денсаулығы мен табиғатты қорғау жөніндегі қызметтің негізгі бағыттары нақтыланған маңызды құжаттардың бірі - қоршаған ортаны қорғаудың аймақтық кешенді бағдарламалары болып табылады.

Экологиялық бағдарлама ол бұрынғы атқарылған қызметтің экологиялық зардабын кешенді анықтауға және ақтаушы шаралар кешенін өткізуге арналған негіз дайындауға бағытталған экологиялық аудит болып табылады. Ол төмендегідей құжаттарды қамтиды: облыс немесе қала аумағындағы географиялық, климаттық, табиғи ресурстық, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды талдау; экологиялық жағдайға баға беріледі; нақты шаралары, олардың мақсаттары мен міндеттері, орындалу мерзімдері, негізгі мүмкін

болатын орындаушыларды және қаржыландырудың көздері көрсетілген таяудағы 3-5 жылға және келешекке табиғат қорғау қызметінің негізгі бағыттары анықталады.

Алматы облысының табиғи ортасы энергетика кәсіпорындарының, өндіруші және өңдеуші кәсіпорындардың, аграрлық кешеннің жоғары техногендік жүктемесін басынан өткеруде. Бірқатар аудандарда өте қолайсыз экологиялық жағдай қалыптасты. Осы жағдайдың ең қауіпті көрінісі - шөлдену, топырақ қабатының нашарлауы, су ресурстарының ластануы мен таусылуы, биологиялық әркелкіліктің бұзылуы мен қысқаруы. Орын алған жағдайды, қалыптасқан түрлі экологиялық проблемаларды шешу бірнеше жылдарды және қаржылық қаражатты қажет етеді. Қаржылық ресурстарды тиімді де ұтымды пайдалану үшін аймақтағы табиғат қорғау қызметінің стратегиясын және басымдық бағыттарын анықтау қажет.

Алматы облысының 2010 жылға дейінгі кезеңдегі экологиялық бағдарламасы Алматы облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының 2002 жылғы 15-тамыздағы шартының негіздегі тапсырмалары бойынша орындалуда. Бағдарламаны әзірлеу кезінде төмендегі құжаттар негізге алынды: Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қазақстан халқына жолдауының негізгі мазмұнын құрайтын Қазақстан Республикасын 2030 жылғы кезеңге дейін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары;

Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік концепциясының Ережесі; Қазақстан Республикасындағы табиғат қорғау стратегиясының қызметі; Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңы және тағы басқа да соңғы уақытта қабылданған табиғатты қорғау туралы заңдар. Бағдарламаны жасау кезінде міндетті түрде аймақты дамытудың әлеуметтік-экономикалық маңызды бағыттары ескерілді.

Алматы облысының экологиялық бағдарламасының жауапты әзірлеушісі "Экон" ғылыми-өндірістік орталығы болып табылады. Жеке бөлімдерді жасауға ҚР ұлттық академиясының, Гидромониторинг АҚ-ның, Қоршаған орта мен климат мониторингі Қазақ ғылыми зерттеу институтының (ҚОКМҚазҒЗИ), Әл-Фараби атындағы ҚазМу-ның мамандары қатысты.

1. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Қоршаған ортаны қорғаудың түрлі аспектітерінің проблемасын кешенді шешу Қазақстан Республикасының жаңа экономикалық саясатқа көшу жағдайында орын алып отырған экономикалық және әлеуметтік проблемалар кідіртуде. Алайда, күрделі экологиялық жағдайда қабылданбаған шаралар, қоршаған орта мен халықтың денсаулығына зиянын тигізіп отыр. Осы құжатты дайындау

кезінде қалыптасқан экологиялық - экономикалық жағдайды ескере отырып, төмендегі принциптер негізге алынды:

- Алматы облысы экологиялық ортасының қолайлылығын қамтамасыз ету;
 - Табиғат қорғау қызметін ынталандыратын перспективті экономикалық және құқықтық тетік құру.
- Бағдарламаның мақсаты:

Бағдарламаның негізгі мақсаты - қоршаған табиғи ортаны қорғау және қалпына келтіру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- қоршаған ортаға антропогендік әсердің деңгейін төмендету (зиянды қалдықтардың атмосфераға шығарылуын қысқарту, су ресурстарын қорғау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды пайдалану, жерді қорғау және тиімді пайдалану);
- қоршаған орта сапасын кешенді зерделеу мен гигиеналық баға беру, оның тұрғындар денсаулығының қалыптасуына ықпалы;
- экологиялық ақпараттар мәліметтерінің негізін құру;
- бақылау, қадағалау жүйелерін кеңейту;
- қоршаған ортаның жағдайына мониторинг элементтерін құру;
- қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды пайдалану жағдайларына бірегей нормативтік талаптардың аймақтық жүйесін құру;
- "таза" технологияны енгізуді ынталандыру;
- табиғат пайдаланудың маңыздылығы мен проблемаларын шешу басымдылықтары;
- табиғи ортаны қалпына келтіру үшін ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану;

Бағдарламаны жүзеге асыру қоршаған ортаның ластану, нашарлау және тозу деңгейін төмендетуге; проблемаларды жоюға немесе тоқтатуға негіз жасайтын экологиялық нормативтер, талаптар, әдістемеліктер, техникалық және технологиялық құралдар кешенін жасақтауға; келеңсіз тенденцияларға болжамдар жасап, тиісті шаралар қолдануды қарастыруға мүмкіндіктер береді.

2. Алматы облысының қоршаған ортасының жағдайын кешенді бағалау

Қоршаған ортаның нашарлау түрлері

Алматы облысының қоршаған табиғи ортасының жағдайын талдау, табиғи және шаруашылық объектілерінің өзара іс-әрекеті нәтижесінде белгілі бір

экологиялық - шаруашылық жүйенің қалыптасқанын көрсетіп берді. Осынау іс-әрекеттің деңгейі мен сипаты қоршаған орта мен оның ресурстары нашарлауының әртүрлі дәрежесін анықтап, аймақтың әртүрлі экологиялық жүйесінің сапалық және сандық жағдайы көрініс береді.

Алматы облысында табиғи орта нашарлауының төмендегідей түрлері анықталды.

1. Жел эрозиясы. Алматы облысының шөлейт аудандарында желдің жиі соғуы нәтижесінде жел эрозиясы кеңінен орын алған.

Жел эрозиясына ұшыраған жеті аудан анықталды. Панфилов алабындағы жыртылған учаскелерде жел және ирригациялық эрозия болуы мүмкін; тау сағасындағы Қаратал ауданы орташа және күшті жел эрозиясымен; Ақсу таулы - жазықты ауданында құмдауыт топырақты жел эрозиясы процесі және ирригациялық эрозия байқалады; Лепсі ұсақ - құмды жазықты ауданы орташа және күшті жел эрозиясына ұшыраған;

Сасықкөл және Алакөл жазықты ауданындағы құм алаптары мен құмдауыт топырақ жел эрозиясына ұшыраған; ұшарал аласа таулы - жоталы - жазықты ауданында орташа және қатты жел эрозиясы және таулы - жазықты Алакөл ауданында төменгі дәрежелі жел эрозиясы байқалады.

2. Су эрозиясы. Іле алатауының таулы аймақтарындағы жазықтықта, Кеген және Нарынқолдағы тауаралық жазықтығында аумақтың едәуір беткейленіп, таратылуы әсіресе, Қарасай, Жамбыл, Еңбекшіқазақ және Кербұлақ аудандарының шаруашылықтарында әлеуетті қауіптілік байқалады. Жауын - шашын мен қамтылған және жартылай қамтылған аймақтардағы тәлімі жерлер, барлық тәлімі алқаптар 2-ден 12 градус аралықтарындағы таулы беткейлерде орналасқан алқаптар. Олар тез шайылып кетуге ыңғайлы болып келеді. Қарасай және Еңбекшіқазақ аудандарының шаруашылықтарында жырталы эрозия көрініс береді.

Алматы облысының табиғи мал азғындық алқаптарына, әсіресе таулы беткейлерге орналасқан жайылымдықтарға эрозия үлкен нұқсан келтіреді. Ол шымның бұзылуының, жайылымдық шөптердің құнарлы бөлігінің жойылуының негізі болып табылады.

3. Жайылымдықтың нашарлауы. Алматы облысының жайылымдығы 14449,9 мың га жерді немесе облыстың 64 % жерін алып жатыр. Облыстың табиғи жағдайының әртүрлілігі жайылымдықтардың әртүрлі болуына негіз болып табылады: жазықты - шөл алабынан бастап, биік таулы жайылымдықтар. Жайылымдықтардың экологиялық жүйесін қарқынды пайдалану олардың антропогендік бұзылуына әкеліп соқтырды. Бүгінгі таңда жайылымдықтарды үздіксіз пайдалану және бұталарды шабу, әсіресе сексеуілдерді отынға шауып алу жайылымдықтарды құмның 50-60 % басуына ол берді. Сол себептен құмды

төбешіктің 10 % жуығы бұзылды. Ластанған және өте нашарлаған жайылымдықтардың өнімділіктері әр гектардан 0,5-0,9 центнерден аспауда.

Бүгінгі таңда Жоңғар Алатауы жоталарының оңтүстік беткейлері мен іле Алатауының солтүстік беткейлері аралығындағы жайылымдықтардың экологиялық жүйесінің өнімділігі гектарына 1,0-2,4 центнерден айналып, көктемгі - жазғы - күзгі уақыттарда пайдаланылады және орташа нашарлаған б о л ы п т а б ы л а д ы .

Аумақты суармалы және тәлімі егін шаруашылығына игерудің нәтижесі тау алабындағы жайылымдықтардың көп бөлігі 700-ден 1000 метрге дейін орташа және қатты нашарлаған болып табылады. Қарасай, талғар, Еңбекшіқазақ аудандарындағы жайылымдықтар тапталып, қатты тозған.

Биік таулы жайылымдықтарға да антропогендік салмақ түскен. Олардың өнімділігі әр гектардан 6-9 центнерден 1,5-2,0 центнерге дейін төмендеді. Шөптері сұйылып, пайдасыз өсімдіктер басып кетті. Алматы облысының биік таулы жайылымдықтары арасында әсіресе, Ассы, үшқоңыр қойнауындағы Казачка өзенінің жоғарғы сағасындағы жайылымдықтар қатты тозған.

Алматы облысындағы негізгі шабындық алқаптар өзендердің (Іле, Лепсі, қаратал және т.б.) қойнауларына, көлдердің (Балқаш, Алакөл) айналасына, сондай-ақ тауларға орналасқан. Олар 449 мың гектарды алып жатыр. Тегістіктегі шабындықтың негізін қамыс тектес шөптер, сазды шабындықты қамысты құрақты шөптер құрап, олардың өнімділігі гектарына 30-50 центнерден айналууда. Кей жерлерінің өнімділігі 7-15 центнерден аспауда. Бүгінгі таңда Алматы облысындағы шабындық алқаптар қатты тозған. Оның негізгі себебі су объектілерінің гидрологиялық тәртіпті өзгертуі және шөпті тиімді шаппауы деп е с е п т е г е н ж ө н .

4. Орманды шабу. Алматы облысындағы орман үш түрге бөлінеді. Олар таулы қылқан жапырақты, тоғайлы және шөлді орман.

Таулы орман. Солтүстік Тянь-Шань мен Жоңғар Алатауындағы таулы орман жалпы көлемі 370 мың гектардан астам жерді алып жатыр. Соның ішінде қылқанды орманның үлесіне 135 мың гектар жер немесе 36,5 проценті тиеді.

Тоғайлы орман. Оған Балқаш өзенінің қойнауларындағы ормандар жатады. Оның жалпы көлемі 81 мың гектарды құрайды. Бұл ормандар Балқаш көліне су ресурстарын сақтап, жеткізуде үлкен маңызға ие болуда. Орман ағаштары түбірлерінің нығайтушылық әсерінің арқасында өзендердің жағалауларын судың шаюынан қорғап, шөгіндінің пайда болу процесін төмендету арқылы өзен арнасының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Шөлді орман. Балқаш көлінен оңтүстікке қарай тау-құм, Сары-Есік атырау құмды өңіріне және жоңғар ойпатына орналасқан. Негізгі өсімдігі сексеуіл. Бұл орманның алып жатқан жер көлемі 1772 мың гектарды құрайды. Сексеуілді

орман құмды сусытпай ұстап, құмды боранның болуына кедергі келтіріп, өзендер мен каналдардың, елді мекендер мен жолдарды жабылып қалудан сақтайды, шөлейтті және жартылай шөлейтті жайылымдықтарды ұлғайтуға ықпал етеді. 1963 жылы облыстың таулы ормандарында жаппай ағаш шабуға тыйым салынып, ағаш дайындайтын кәсіпорын жойылды. Алайда Жоңғар Алатауы мен Солтүстік Тянь-Шаньнің кейбір аймақтарында орманды браконьерлікпен шабу байқалады. Соңғы жылдары Іле өзенінің ағысын реттеудің және егісті суаруға судың көп алынуы тоғайлы орманның жағдайын күрт төмендетіп жіберді. Тоғайлы және сексеуілді орманның көп бөлігін жергілікті халық отынға шауып алды. Бұл тоғайлық өсімдіктердің нашарлауына, орман көлемінің қысқаруына әкеліп соқтырды.

5. Ауаның ластануы. Алматы облысының аумағы бойынша 2000 жылы атмосфераға зиянды заттардың қалдықтарын шығару 295,5 мың тоннаны құрады. Соның ішінде оның көп бөлігі 128,0 мың тоннасы автомобиль көлігінің зиянды қалдығы. Бұл жерде Алматы қаласында зиянды қалдықтардың осы түрі жалпы массаның 79 процентіне жуығын құрайтындығын айтып өткен жөн. Ал қалған аумақта бұл сандық көрсеткіш орташа есеппен 62,8 процентті құрайды. Алайда жаз кезеңі мен жексенбі күндеріндегі автокөлік ағысы бұл көрсеткіштерді теңестіріп жібереді.

Таулы белдеуде оңтүстікте елді мекеннің негізгі бөлігі орналасқан. Республикамыздағы бірқатар кәсіпорынның басын біріктіретін Алматы өндірісінің алыптары осында орын тепкен. Талғар, Қаскелең, Өтеген батыр және басқа үлкен-үлкен елді мекендерде халыққа қажет тауар өндіріледі. Оның ірі кәсіпорындары жеңіл және тамақ өнеркәсібі саласына қатысты. Айналаны ластаушы кәсіпорындардың арасында алдыңғы қатарда электр энергетика кәсіпорындары (ТЭЦ-1, ТЭЦ-2, АГРЭС) келеді. қатты заттар бойынша олардың шығаратын қалдығы 77 процентті, озат қышқылы бойынша - 89 процентті, күкірт тотығы бойынша (SO_2) 88 процентті, көміртегі қышқылы бойынша 32 процентті құрайды. Темір жолдың электрлендірілмеуі маңызды проблемаларды туындатуда. Бұл көмір қышқылы қалдығының көп мөлшерде-15 процентке дейін, күкірт тотығы мен қатты заттарды тиісінше 2 және 3 процент шығаруға жол бергізуде.

Қала маңындағы аймақтардың табиғи жағдайы Алматы қаласына үлкен әсерін тигізуде. Республикадағы ең ірі қаланың ауа бассейні өте лас. Жыл бойына Алматы қаласы ауа бассейнінің шаңмен ластануы едәуір мөлшерді көрсетті: күллі жыл бойына орта мөлшердің 1,5 -1,9 есеге өсуі байқалып, ол 0,23-0,29 мг/м³ деңгейіндегі ауытқуды көрсетті. Азот қышқылымен ластану барлық жыл бойына орта көрсеткіштен (0,058-0,098 мг/м³), қазан айынан наурыз айына дейін көмір қышқылымен ластану орта көрсеткіштерден (3,1-4.5 мг/м³) артық болды. Күкірт қышқылының орташа тәуліктік концентрациясы барлық айда

орташа деңгейден асқан жоқ.

Алматы қаласына жақын орналасқан елді мекендердің ауа бассейнінің ластануын зерттегенде SO₂, NO₂ қоспаларының жоғарғы екендігі, яғни орташа тәулік көрсеткіші 1,4-4,7 есеге, бір мезеттегісі 1,6-13,0 есеге жоғары екендігі анықталды. Бір мезеттік шаңмен ластануы орташа көрсеткіштен (25,3 %) және азот қышқылымен ластануы (31,7 %) жоғары екендігі байқалды.

Талғар және Есік қалаларында формальдегид пен азот қышқылының деңгейі орта тәуліктік көрсеткіштен едәуір жоғары, SO₂, NO₂ концентраттары 0,2-1,1 деңгейінде болды.

Талдықорған қаласының атмосферасы шаңмен едәуір аз ластанған. Тексерілген уақыт кезеңінде орта тәуліктік концентрация орта есеппен 0,09 мг/м³-ты құрады, ол орташа көрсеткіштің 0,6 проценті болады.

Дегенмен тұрақты бақылау постыларының соңғы жылдары тексеру материалдының болмауы Талдықорған қаласының атмосферасының ауасына толық баға беруге мүмкіндік бермей отыр.

6. Судың ластануы. Облыстағы судың үстіңгі қабатын ластаушы Іле, Қаратал өзендерінің алаптарына орналасқан күріш өсіруші ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер болып табылады. Олар жыл сайын құрамында өте мол органикалық, азот қалдықтары бар суды шығарады.

Облыстағы судың бетін ластаушының екінші тобына аумақтарына түрлі өндірістік, өнеркәсіптік, коммуналдық кәсіпорындар орналасқан елді мекендер мен қалалар жатады. Осы топтағы су бетін ластаушы негізінен Алматы қаласы болып табылады. 1998 жылы "Водаканал" МКК-ң канализациясы мен биологиялық тазарту жүйесінен Іле өзеніне 35,0 млн. м³ тазартылған ағынды су көлемінің 15 процентін құрайды.

Талдықорған, Текелі қалаларының, Есік, Талғар. Қаскелең, Жаркент, Шонжы сияқты аудан орталықтарының объектілерінен шыққан ағынды су сулардың жоғарғы бетін ластауға айтарлықтай ықпалын тигізеді.

Облыстық су ресурстарына тамақ өндірісінің кәсіпорындары едәуір кері әсер етеді. Бұл кәсіпорындар өз ағынды суларын сүзу алаңына, тоғандарға, ашық жерлерге жібереді. Жіберілген судың көлемі көп болғанымен химиялық құрамы жағынан өте ұлы.

7. Топырақтың ластануы. Топырақтың техногендік бұзылуы Алматы облысының барлық аумағына қатысты. Әр жылдары (1996-1999) "Казнедр" АҚ-ң жүргізген экологиялық-химиялық зерттеулерінің мәліметтеріне қарағанда Алматы агроөнеркәсіп аудандарының аумақтарындағы топырақтарда қорғасынның, фосфордың (жалпы көлемі 3 есе артық), хромның (жалпы көлемі 1,2 есе артық) көп мөлшерде кездесетін анықталды. Мәселен: Қаскелеңнен солтүстікке қарай ұзақтығы 18 км-ден астам қорғасын қалдығының бар екендігі,

бұл онда 30 мг/кг зиянды заттың бар екендігін айқындады. Орталығы Алматы қаласына қарай бағытталған оқшаулау сызығы бойында ауқымды аудан орын алған. Бұл тосын құбылыс Ремизовка кентінен солтүстік батыс бағыттың 19 км-не тартылған. Топырақ қабатының сынаппен улануы өжет кентінен Первомайка селосы аумағына дейін тартылған. Алматы қаласынан 25 км радиусте алқаптың 30 % дейін 2 деңгейлі аясында цинкпен уланған.

Облыста 50 млн. тоннадан астам әртүрлі қалдықтар жинақталған. Топырақтың ластануы осыған байланысты болып отыр.

Гидрологиялық режим өзгеруі нәтижесінде көлдердің айналасы мен өзендердің жайылымдарындағы, сондай-ақ Ақдала сулы алқабындағы топырақтың сортаңдануы байқалуда.

Қазақстан Республикасы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша Алматы облысында 2000 жылғы 1-қаңтарда 13550,5 мың гектар ауыл шаруашылығы жері бар. Оның 2177,3 гектары түрлі дәрежедегі сортаңдануға, су эрозиясының нәтижесінде 841,8 мың гектары нашарлауға, 4383,1 гектары дефляция процесіне ұшыраған.

Алматы облысының экологиялық проблемалары ұсынған мәліметтер оны шешудің қажеттілігін көрсетеді. Барынша басымды экологиялық проблеманы анықтау мақсатында осы бағдарламаның авторлары облысты ландшафттық - экологиялық белдемдеуді жүзеге асырды.

Облысты ландшафттық-экологиялық белдемдеу:

Антропогендік салмақтың әр түріне жауап ретіндегі адамдар тарапынан жасалған іс-әрекеттің деңгейі мен бағыты аумақтың экологиялық-шаруашылық жағдайының сипаты арқылы бағалануы ықтимал. Ол антропогендік салмақ дәрежесі мен түрін, ландшафт тұрақтылығының құрамдас бөлігі ретінде аумақтың табиғи қорғалынуын қамтиды.

Табиғат қорғау проблемаларын айқындау антропогендік салмақ пен табиғи ландшафттың ерекшеліктері арасындағы өзара қатынасты талдауға итермеледі. Соның нәтижесінде экологиялық талаптарға сәйкес келмейтін табиғи ортаның өзгергендігі анықталды.

Алматы облысы мен оның әкімшілік аудандарының табиғи аумақтық кешенінің экологиялық тұрақсыздығының сапалы деңгейі табиғи ерекшеліктерінің мөлшері негізінде анықталды. облыстағы экологиялық шиеленісті айқындайтын әртүрлі өзгерістер антропогендік ықпалдың нәтижесі екендігі дәлелденді.

Ландшафттық негізде біз жүзеге асырған Алматы облысы жерлерінің экологиялық шаруашылық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштерді жасау Алматы облысының аумағында антропогендік процесстердің қарқынды көрініс беруі төмендегідей ландшафттық - экологиялық белдемдерді анықтап берді.

1. Тұрақты аймақ (ТА). Басымдылықтары: 1-бос қалған жазықтықтағы қуаң ландшафттар; 2 биіктаулы таулы - шалғын ландшафттар; 3 орта таулы орманды - шалғынды - далалы ландшафттар. Антропогендік жағдайдағы толық зиянды ландшафты-экологиялық өзгерістердің болмауы немесе олардың за болуын сипаттайды. Табиғи аумақтық кешеннің құрылымындағы аздаған өзгерістер төтенше табиғи процесстердің әсерінен болып отыр. Келеңсіз экологиялық жағдайлар жеңіл түзетіледі. Олар тоқтатылысымен табиғи аумақтық комплекс тепе-теңдік жағдайына қайтып оралады. Оған төмендегі әкімшілік аудандар аумақтарының бөлімдері енді: Балқаш, Қаратал, Алакөл, Ақсу, Сарқан, Жамбыл, Көксу, Ескелді, Іле, талғар, Кербұлақ, Панфилов, Қарасай, Еңбекшіқазақ, Ұйғыр, Райымбек. Осы аудандардың кейбір аумақтары қорықтар ретінде немесе демалыс аймағы ретінде пайдалануы мүмкін.

2. Қанағаттандырылдық аймақ (ҚА) Басымдылықтары: 1 - тауаралық және ішкі таулы ойпатты құрғақ далалы ландшафттар; 2 - бос қалған жазықтыққа жататын шөлейт ландшафттар. Антропогенездік негіздегі ландшафттың табиғи қосымдыларының жағдайы едәуір келеңсіз өзгерістермен сипатталады. табиғат пайдаланудың тиімді дәрежесін сақтаған жағдайда қалпына келтіруге аз шығын жұмсап, келеңсіз экологиялық кемшіліктерді толығымен жоюдың мүмкіндіктері туындайды. Бұл аймаққа төмендегі әкімшілік аудандар аумағының бөліктері енді : Балқаш, Қаратал, Алакөл, Сарқан, Жамбыл, Кербұлақ, Панфилов, Ұйғыр, Р а й ы м б е к .

3. Шиеленісті аймақ (ША) Басымдылықтары: 1 - аласа жоталы далалы ландшафттар; 2 - аласа жоталы және тау етегіндегі құрғақ далалы ландшафттар. Ол жекелеген ландшафт түрлерінің тез тозуымен немесе толық жойылып кетуімен ерекшеленеді. Экологиялық дағдарыс қалпына келуімен сипатталады. Бұл дер уақытында шара қолданған жағдайда антропогендік құлазу әсерін жойып , бұзылған геожүйенің тұрақтылығын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бұл аймаққа төмендегі әкімшілік аудандар енгізілді: Көксу, Ескелді, Іле, Талғар, Алакөл, Сарқан, Жамбыл, Кербұлақ, Панфилов, Қарасай, Еңбекшіқазақ Райымбек аудандары аумағының бөліктері. Осындай экологиялық жағдайдағы аудандарға оны қалпына келтіру үшін едәуір қаражатты қажет етеді.

Алматы облысы әкімшілік аудандарының экологиялық жағдайы N 1 кестеде т о л ы қ б е р і л г е н .

Алынған мәліметтер негізінде Алматы облысының ландшафттық - экологиялық белдемінің картасы 1:1000000 масштабмен (N 1 сурет) жасалды.

Картадағы ландшафттық - экологиялық жағдай қазіргі табиғи және антропогендік процесстердің нашарлауын айғақтайтын индекстер жүйесімен берілді. Нашарлау процесі төмендегі жағдайлармен бағаланды: қатты эрозияға ұшыраған алқаптар (ландшафттың барлық алаңының 20-40 процентінен астамы);

жайылымдықтардың құлазуы - биологиялық жағынан өнімділіктің төмендеуі және өсімдіктің қалың өсуін жобалау; ормандарды шабу - шамадан тыс шабылған ормандар; топырақ бетінің нашарлауы қарашірінді, микроэлементтердің, шайылған топырақтардың азаюы бойынша; топырақтың пестицидтермен ластануы - шамадан тыс көптігі бойынша; жер асты және жер үсті суларының ластануы - суда ауыр металл тұздарының, пестицидтердің, сондай-ақ жалпы минералдандырудың шамадан тыс артуы бойынша; атмосфераның ластануы шаң, жасанды радиоактивтік заттар, көміртегі, күкірт, азот және тағы да басқа бірқатар химиялық элементтер қоспаларының нормадан тыс көптігі бойынша.

Табиғи ортаның экологиялық тұрақсыздығының деңгейі бойынша есептер көрсетіп бергендей, Алматы облысындағы 16 әкімшілік ауданның 8 ауданы табиғи - шаруашылық жүйесі қатты деңгейде өзгерген ауданға, 6-ы бірқалыпты тек қана 2-і аудан табиғи ортасының тұрақсыздығы нашар деңгейдегі ауданға жатады.

Алматы табиғи шаруашылық жүйесінің қазіргі экологиялық жағдайы-ол жалпы шөлдену негізінде дамып отырған күрделі, ұзақ көріністердің немесе салыстырмалы түрде алғанда табиғи және антропогендік процесстердің нәтижесі болып табылады. Жүйенің тұрақсыз қызмет атқаруы минералды жер асты суларының көбеюіне, климаттық ауытқуларға, өсімдік және топырақ қабатының нашарлауына байланысты. Шаруашылық игерілуі түрі жағынан белсенді және әртүрлі объектілер болып табылатын облыстың ландшафттары әртүрлі бағыттардағы процесстердің қатар дамуы негізінде көрініс береді.

Алматы облысының экологиялық жағдайын байыпты бағалаудың нәтижесі экономикалық даму болашағын ескере отырып, аумақтарда аудандастыру бойынша нақты жұмыстар жүргізудің қажеттілігін көрсетіп берді. Оның үстіне жүргізілген кешенді экологиялық бағалау басымды экологиялық проблемаларды анықтап, тиісті табиғат қорғау шараларын жасауға мүмкіндік береді.

1 - К е с т е

Алматы облысы аудандарының қазіргі экологиялық жағдайы

әкімшілік аудандар	Аудандағы ландшафттық -экологиялық аймақтың меншікті салмағы (%)			Табиғи ортаның экологиялық тұрақсыздығының деңгейі	Нашарлау процессінің басымдылығы
	Шиеленісті (I)	қанағаттандырылғы (II)	Тұрақты (III)		
1	2	3	4	5	6
1. Балқаш	-	39	61	қалыпты	Жайылымдықтардың тозуы, топырақтың нашарлауы, ағаштардың шабылуы

2. Қаратал	8	4	88	қалыпты	Жайылымдықтардың тозуы, топырақтың нашарлауы, ағаштардың шабылуы, судың ластануы
3. Алакөл	10	15	75	қалыпты	Жайылымдық- тардың тозуы, топырақтың нашарлауы, ағаштардың шабылуы, дефляция, топырақ эрозиясы
4. Ақсу	53	-	47	күшті	Шабындықтың тозуы, топырақтың нашарлауы
5. Сарқан	48	-	52	қалыпты	Жайылымдық- тардың тозуы, топырақтың нашарлауы, ағаштардың шабылуы, топырақ эрозиясы
6. Жамбыл	51	2	47	күшті	Жайылымдық- тардың тозуы, топырақтың нашарлауы, топырақ эрозиясы
7. Көксу	54	-	46	күшті	Жайылымдық- тардың тозуы, топырақтың нашарлауы, топырақ эрозиясы
8. Ескелді	49	-	51	күшті	Жайылымдық- тардың тозуы, топырақтың нашарлауы, топырақ эрозиясы, ағаштардың шабылуы
					Жайылымдық- тардың тозуы, топырақтың

9. Іле	68	2	30	күшті	нашарлауы, атмосфера ауасының ластануы
10. Талғар	59	-	41	күшті	Жайылымдық- тардың тозуы, топырақтың нашарлауы, топырақ эрозиясы, ағаштың шабылуы
11.Кербұлақ	51	11	38	күшті	Жайылымдық- тардың тозуы, топырақтың нашарлауы, топырақ эрозиясы
12.Панфилов	22	-	78	нашар	Жайылымдық- тардың тозуы, топырақтың нашарлауы, ағаштың шабылуы
13. Қарасай	52	-	48	күшті	топырақ эрозиясы, судың ластануы, ағаштың шабылуы, атмосфера ауасының ластануы
14. Еңбекші- казак	42	10	48	қалыпты	Жайылымдық- тардың тозуы, топырақтың нашарлауы, ағаштың шабылуы
15. Ұйғыр	-	30	70	нашар	Жайылымдық- тардың тозуы, ағаштың шабылуы
16. Райымбек	20	22	58	қалыпты	Жайылымдық- тардың тозуы, топырақтың нашарлауы

3. Табиғат қорғау қызметінің 2010 жылға дейінгі стратегиясы

Алматы облысы қоршаған ортасының қазіргі жағдайын бағалау, экологиялық проблемалардың көп түрлілігі мен әрқилылығы республикалық сияқты аймақтық деңгейде бірінші кезекте шешуді талап ететін басымды экологиялық проблемаларға күш салудың қажеттілігін көрсетіп берді.

Табиғат қорғау қызметінің 2010 жылға дейінгі стратегиясының негізгі мақсаты - қоршаған ортаның (ҚО) нашарлау қарқынын төмендету, Алматы облысының қоршаған ортасын тұрақты жақсарту.

Стратегия кезеңдері.
2002-2005 жылдарғы кезең

Мақсаты қоршаған ортаның нашарлау қарқынын төмендету.

Міндеттері: облысты әлеуметтік-экономикалық дамыту шеңберінде табиғат қорғау шараларын жүзеге асыру жөніндегі атқарылатын қызметтің бағытын нақты анықтау қажеттілігі. Табиғат қорғау шараларын қаржыландыруды ретке келтіру.

Концессиялық және лицензиялық шарттарда экологиялық аспектілерді күшейту.

1. басымдық. Экологиялық ресурстарды басқарудың тиімді жүйесін жетілдіру.

Міндеттері: экологиялық бағдарламаларды тұрақты қаржыландыруға және табиғат қорғау қызметін экономикалық жағынан ынталандыруға арналған жағдай жасау.

2. басымдық. Топырақ қорғау шараларын жасау және жүзеге асыру.

Міндеттері: бұзылған жерлерді қайта культиваторлау деңгейін көтеруді қамтамасыз ету, ағаш шабуды қысқарту; орман алқабын көбейту; дақылдарды орналастыру және жерді өңдеу технологиясын қайта қарау; Жерді жекеменшікке беру кезінде топырақты - жер ресурстарының сапасын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі ерекше жағдайды қарастыру. Тиісті нормативтік-әдістемелік құжаттарды (НӘҚ) жасау және бақылау.

3. басымдық. қолда бар постылармен бірге Казгидрометтің бақылау жүйесін 50 % қалпына келтіру. Ең алдымен Талдықорған аймағы мен Алматы қаласының таулы аймағындағы постыларды қалпына келтіру.

Міндеттері: ақпараттарды қабылдау, жинау және өңдеу сапасын көтеру; қоршаған ортаның (ҚО) жағдайын бақылау жүйесін жетілдіру. Облыстың атмосфералық ауасының ластану жағдайын анықтау жөніндегі әділ, сенімді, жүйелі ақпарат алу мақсатында 1994 жылы жабылып қалған қапшағай қаласындағы бақылау постысының қызметін қалпына келтіру ұсынылады.

Жаңа облыс орталығы қаласы ауасының сапасын бақылау мақсатында Талдықорған қаласында ең кем дегенде атмосфералық ауаның ластануын қадағалайтын тұрақты екі постының жұмысын ұйымдастыру ұсынылады.

Алматы қаласына ықпал етудің (ауаны ластандыру көзі ретінде) уақытша-кеңістік бағалау үшін радиусы 30-40 километрді қамтитын қалаға таяу орналасқан елді мекендердің аумағына 2-3 пост ұйымдастыру ұсынылады. Оған ең ыңғайлы орын Өтеген батыр кенті мен Боралдай кенті болмақ. Постыларды

орналастыруды бақылау жүйесін ұйымдастыру талаптарына сәйкес және жергілікті табиғи - климаттық жағдайды ескере отырып, жүзеге асыру керек.

4. басымдық. қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормалардың өзін-өзі ақтауының қаржылық тетігін қалыптастыру және экологиялық бизнесті (шағын және орта) дамыту.

Міндеттері: қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралардың өзін-өзі ақтауының тікелей және жанама тетіктері мен түрлерін зерделеу. Инвестициялық жобалар. Табиғат пайдалану төлемдерінің және кәсіпорындардың нақты төлеу қабілетін ескере отырып, айып салу нормативтерін жетілдіру.

5. басымдық. Биоресурстарды қалпына келтіру.

Міндеттері: орман шаруашылығына инвестиция тарту, салық жеңілдіктерін беру; өсімдіктер мен жануарлар әлемін қалпына келтіру көлемін өсіру.

6. басымдық. Су ресурстарын тиімді пайдалану. Су пайдалану тетігі (кесте).

Міндеттері: тазарту құрылыстарын қайта құру; суды көп қажет ететін ауыл шаруашылығы дақылдарын қайта қарау; су пайдаланушыларды паспорттау.

7. басымдық. Тұрмыстық қалдықтарды пайдалану және залалсыздандыру.

Міндеттері: қалдықтарды дер кезінде басқару жүйесін қамтамасыз ету.

2 0 0 6 - 2 0 1 0 к е з е ң

Мақсаты: қоршаған табиғи орта жағдайының нашарлау қарқынын төмендету және экологиялық ахуалды тұрақтандыру.

Міндеттері: экологиялық ресурстарды басқарудың жүйесін жетілдіруді жалғастыру және экологиялық бағдарламаларды тұрақты қаржыландырудың және табиғат қорғау қызметін экономикалық жағынан ынталандырудың ш а р т т а р ы н ж а с а у .

1. басымдық. Экологиялық ресурстарды басқарудың жүйесін жетілдіру.

Міндеттері: экологиялық және экономикалық проблемаларды шешуді интеграциялау; табиғат қорғау қызметін ынталандыру жүйесін жетілдіру.

3. басымдық. Табиғат пайдаланудың қаржылық тетігін қалыптастыру және ж е т і л д і р у .

Міндеттер: қоршаған ортаны қорғау және экологиялық бизнесті (шағын және орта) дамыту жөніндегі өзін-өзі ақтау шараларының жобасын жүзеге асыру.

4. басымдық. Жайылымдықтар мен топырақтың бұзылуын болдырмау жөніндегі шараларды жүзеге асыру.

Міндеттері: ауыспалы егістікті жетілдіру; жайылымдықтарды суландыру; тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолдануды реттеу.

5. басымдық. Биоресурстарды қалпына келтіру.

міндеттері: өсімдіктер мен жануарлар әлемінің, кәсіпшілік балық түрлерінің санын қалпына келтіру жөніндегі шараларды жүргізу.

6. басымдық. Бақылау жүйесі пункттерінің санын 1990 жылғы деңгейге дейін

жеткізу және қосымша постылар ашу.

Міндеттері: гидрометокұралдар паркін және ескірген жабдықтарды ауыстыру ; табиғи ортаның мониторингін жетілдіру; ақпараттарды қабылдау, жинастыру және өңдеу қызметінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, байланыстың қазіргі заманғы тәсіліне көшуді аяқтау.

7. басымдық. Қалдықтарды басқару жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету. Қалдықтарды жинастыру және қайта өңдеу қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жасақтау.

8. басымдық. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мамандар даярлауды жетілдіру.

2010 жылға дейінгі Алматы облыстық экологиялық бағдарламасының басымдық бағыттарын жүзеге асыру, қоршаған ортаны келешекте ластандыру мен бұзылудан сақтауды қамтамасыз ету.

Заңды, ұйымдастырушылық, техникалық, экономикалық және әлеуметтік шаралар жүйесі, "экологиялық лас" өндірісті қайта құру қоршаған ортаны қорғаудың тұрақты процесін қамтамасыз етуге тиіс.

4. Экологиялық бағдарламаны іске асыру тетігі

Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды жоспарлау табиғи ортаның ластану дәрежесін, табиғи ресурстардың жаңғыру мүмкіндіктерін, экологиялық аудандастыру мәліметтерін негізге ала отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау аумақта басымды экологиялық проблемаларды шешудің мүмкіндіктері бар екендігін көрсетіп берді. Ең бастысы экологиялық жағдайды нашарлатуға жол бермеу болып табылады. Экологиялық проблемаларды шешу басымдығы осы негізде жасалды. ұсынылып отырған басымдықтар облыстың әлеуметтік-экономикалық бағдарламасының құрамдас бөлігі болуға тиіс.

Осыған байланысты ол жүзеге асыру үшін қабылданды.

